

*Осы аударма ресми
аударма болып
табылмайды*

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫНДА

7 ақпан 2024 жыл

№: AIFC-C/CFI/2024/0007 ic

«Polymettech» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Талап қоюшы

қарсы

«БалхашПолиметалл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне

Жауапкер

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

Сот Судьясы:
Судья Том Монтагю-Смит КС

ШЕШІМ ЖӘНЕ БҰЙРЫҚ

1. 2024 жылғы 2 ақпандағы Талап арыз нысанына сәйкес, Талап қоюшы Халықаралық төрелік орталықтың төрағасы Томас Крюммель мырза 2023 жылғы 7 желтоқсанда ХТО-ның № 40/2023 Төрелік талқылауына қатысты жеке дара төреші етіп тағайындаған Индира Елеусізова ханым қабылдаған 2024 жылғы 24 қаңтардағы ХТО Төрелік Шешімінің 41-бөлігінде көрсетілген шараларды тану және орындау туралы бұйрық беру жөніндегі өтінішпен сотқа жүгінді.
2. Төрелік Шешімді оқып шығып, мен арыз негізделген деген пікірге келдім. Сондықтан мен Талап қоюшының келесілерге құқықтары бар деп қаулы етемін:
 - 1) "БалқашПолиметалл" ЖШС-ның 239 312 640,95 теңге (екі жүз отыз тоғыз миллион үш жүз он екі мың алты жүз қырық теңге тоқсан бес тиын) мөлшеріндегі берешегі "Polymettech" ЖШС пайдасына өтеу есебіне жылжымалы емес мүліктен, атап айтқанда Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қапал батыр көшесі, Оңтүстік Индустриалды аймағы, 30-шы ғимарат (ҚР0201300740953802) мекенжайында орналасқан, кадастрлық № 22:329:039:252 жер учаскесінен өндіріліп алынсын.
3. Жауапкерге оған осы Бұйрық табысталған сәттен бастап 14 күннің ішінде осы Бұйрықтың күшін жою туралы арыз беру құқығы беріледі.
4. Осы Бұйрық (а) жоғарыдағы 3-тармақта көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін немесе (b) Жауапкер осы мерзім ішінде берген кез келген арыз түпкілікті қанағаттандырылғанға дейін, бұлардың қайсысы кейінірек орын алғанына қарай, орындалмайды.

Сот қабылдады,

Судья Том Монтагю-Смит КС,
Судья, АХҚО соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан "Polymettech" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Ринат Сәлімов мырза өкілдік етті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.